

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің кейбір мәселелері

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 4 ақпандағы № 82 Қаулысы.

"Ветеринария туралы" 2002 жылғы 10 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің "Ветеринария бойынша ұлттық референттік орталық" мемлекеттік мекемесі заңнамада белгіленген тәртіппен қайта құру жолымен Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің "Ветеринария бойынша ұлттық референттік орталық" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны (бұдан әрі - кәсіпорын) болып қайта ұйымдастырылсын.

2. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитеті (бұдан әрі - Комитет) кәсіпорынға қатысты мемлекеттік басқарудың тиісті саласына (аясына) басшылық ету жөніндегі уәкілетті орган болып белгіленсін.

3. Комитет заңнамада белгіленген тәртіппен:

- 1) Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитетіне кәсіпорынның жарғысын бекітуге ұсынуды;
 - 2) кәсіпорынның әділет органдарында мемлекеттік тіркелуін;
 - 3) осы қаулыдан туындайтын өзге де шараларды қабылдауды қамтамасыз етсін.
4. Кәсіпорын қызметінің мәні:
- 1) жануарлар ауруларының диагностикасы жөніндегі референттік функциясы;
 - 2) эпизоотиялық мониторинг;
 - 3) Сақтаулы микроорганизмдер штаммдарының ұлттық коллекциясын жүргізу;
 - 4) ветеринариялық препараттарды, жемшөп қоспаларын тіркеу сынақтары, байқаудан өткізу, сондай-ақ препараттарға шағым түскен кезде олардың серияларын (партияларын) бақылау;
 - 5) тамақ өнімдерінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі мемлекеттік мониторинг, референция;
 - 6) ветеринариялық препараттардың, жемшөп пен жемшөп қоспаларының қауіпсіздік мониторингі болып белгіленсін.

Ескерту. 4-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 29.09.2015 № 803 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

5. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістер мен толықтыру бекітілсін.

6. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

С. Ахметов

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің

2013 жылғы 4 ақпандағы

№ 82 қаулысымен

бекітілген

Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістер мен толықтыру

1. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 20.02.2026 № 96 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

2. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 28.08.2015 № 683 қаулысымен.

3. "Министрліктер мен өзге де орталық атқарушы органдардың олардың аумақтық органдарындағы және оларға ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелердегі адам санын ескере отырып, штат санының лимиттерін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 15 сәуірдегі № 339 қаулысында:

көрсетілген қаулымен бекітілген министрліктер мен өзге де орталық атқарушы органдардың олардың аумақтық органдарындағы және оларға ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелеріндегі адам санын ескере отырып, штат санының лимиттерінде:

6-бөлімде:

"Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі, оның аумақтық органдарын және оған ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелерді ескере отырып, оның ішінде:" деген жолдағы "11768" деген сандар "11684" деген сандармен ауыстырылсын;

"Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігіне ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер, оның ішінде:" деген жолдағы "5757" деген сандар "5673" деген сандармен ауыстырылсын;

"Ветеринария бойынша ұлттық референттік орталық 84" деген жол алынып тасталсын.

4. "Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2011 жылғы 10 тамыздағы № 136 Жарлығын іске асырудың кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 23 қыркүйектегі № 1090 қаулысында (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2011 ж., № 54, 778-құжат):

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің қарамағындағы ұйымдардың тізбесінде:

1 және 2-бөлімдер мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Республикалық мемлекеттік кәсіпорындар

1. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің "Республикалық ветеринариялық зертхана" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны.

2. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің "Ветеринария бойынша ұлттық референттік орталық" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны.

2. Мемлекеттік мекемелер

1. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің "Республикалық эпизоотияға қарсы отряд" республикалық мемлекеттік мекемесі."

5. "Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Агроөнеркәсіптік кешендегі мемлекеттік инспекция комитетінің "Республикалық ветеринариялық зертхана" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнын қайта ұйымдастыру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 21 қарашадағы № 1908 қаулысында (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2009 ж., № 56, 472-құжат):

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Кәсіпорын қызметінің мәні:

1) Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітетін тізбеге енгізілген жануарлардың аса қауіпті ауруларының диагностикасы;

2) уәкілетті орган бекітетін тізбеге енгізілген жануарлардың энзоотиялық ауруларының диагностикасы болып белгіленсін."